

**№27 И.Тайманов атындағы орта мектебінің  
Қамқоршылық кеңесінің отырысы**

**ХАТТАМА №1**

**Күні:** 26 қыркүйек 2021 жыл

**Жиналышқа қатысушылар:** 415

**Күн тәртібінде:**

1. «Жалпыға міндettі білім беру қорынан» бөлінетін қаражатты әлеуметтік тізімде тұрған мұқтаж оқушыларға материалдық көмек көрсету.
2. «Мектепке жол» акциясының жұмысы.
3. 2021-2022 оқу жылына «Қамқоршылық кеңес» жұмыс жоспарын бекіту.
4. 2021-2022 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңестің төрағасы мен мүшелерін сайлау.
5. Әлеуметтік тізімде тұрған оқушылардың тізімі.

**Тындалды:**

**1. Мектеп директоры: А.С. Косымбаева:**

2021-2022 оқу жылында мектеп МАД салынында -97 бүлдіршін, 1-11 сыныптарда 1259 оқушы мектепке келіп, оффайн білім алуда. Оқушылардың мектепте оқуына санитарлық талаптар сақталып, барлық жағдайлар жасақталған. Мектебімізде медициналық пункт бар және оған қарасты арнайы оқшаулау бөлмесі жасақталған. Бастауыш және әлеуметтік қорғалуға жататын оқушыларды ыстық қамтуды ЖК « Утегенова» жалғастырады.

«Жалпы білім беру қорынан» әлеуметтік жағдайы төмен оқушылардың тізімін жасақталып оларға «Мектепке жол» акциясында көмектер берілді. Аталған оқушыларға мектеп формасы, аяқ киім және кенсе тауарлары берілді. Мектебіміздегі АСП алып отырған 8 оқушы толықтай мектепке дайын болды.

**2. Қамқоршылық кеңесі Тоқмурзина Мөлдір сөз сөйлемеді:**

- «Мектепке жол» акциясы аясында мектебімізде әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасының жекелеген оқушылары демеушілердің көмегімен мектепке қажетті құралдармен және мектеп формасымен қамтамасыз етілді. «Иманғали» мешітінің имамы Бисенов Наурызғали әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға спорттық аяқ киім және сөмкемен қамтамасыз етті.

**3. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Шаяхметова Гүлжан:** Қамқоршылық кеңесінің 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстыруды.

**4. Ата-ана Сағынғалиева Багдагул:** Қамқоршылық кеңестің мектепті басқарудағы ролі де аз емес. Мысалға, қамқоршылық кеңесінің мүшелері мектеп асханасының жұмысын, мектептегі өткізілетін қамқорлық акция шаралары қала әкімі шыршасы мен президенттік шыршаға қатыстырылатын оқушыларға көмек корсету және де әр түрлі мемлекеттік емес ұйымдармен жұмыс жасап келеді. Жұмыс нәтижелері қанағаттанарлық. Сондықтан жұмыс жасап келе жатырған «Қамқоршылық кеңестің» төрайымы және мүшелері өзгеріссіз сол құраммен қалдырылуына ұсыныс білдіремін.

Басқа ата-аналар бірауыздан қолдады.

**5. Әлеуметтік педагог Камшат Уринбаева күн тәртібінде қаралатын мәселе-  
лермен таныстырып өтті.**

- Мектептегі оқушылардың әлеуметтік жағдайын анықтау мақсатында сыйып жетекшілер әр баланы қарап, қадағалап, ата-аналарымен жолығып, сіздерге ескертуі қажет. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушылардың ата-аналары құжаттарын толық тапсырып, есепке алынсын. Әлеуметтік жағдайы төмен оқушылардың ата-аналарынан түскен өтініштері тіркеліп, құжаттары жинақталып, есепке алынды. Мектебімізде қазіргі кезге дейін тіркелген толық жетім-2 оқушы, толық емес отбасы - 17 оқушы, көп балалы-73 оқушы. Осы оқушылар киіммен және ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі керек.

**Күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе, Қамқоршылық кеңесінің мүшесінің шешім қабылдайды:**

1.Айтылған ұсыныстар негізінде төмендегі ата-аналар «Қамқоршылық кеңестің» комиссиясына ұсынылады:

1. Шаяхметова – ата-ана, Қамқоршылық кеңестің төрайымы

2.Забыхан Марат- ата-ана, кеңес төрайымының орынбасары

3.Токмурзина Мәлдір- ата-ана, кеңес мүшесі

4.Төлеуова Армангүл- ата-ана, кеңес мүшесі

5.Куанышева Лаззат- ата-ана, кеңес мүшесі

6.Шабанбаева Ұлмекен- ата-ана, кеңес мүшесі

7.Аяпбергенова Камшат- ата-ана, кеңес мүшесі

8.Домбаева Гүлжазира- ата-ана, кеңес мүшесі

9.Абилова Ақмарал- ата-ана, кеңес мүшесі

2.Әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға берілетін тиісті көмектің уақытылы берілуін қадағалау.

**Қамқоршылық кеңесінің**

**төрайымы:**

**Хатшысы:**



**Г.Шаяхметова**

**М.Габдуллина**